«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2025ж. 24.01 № 2-02/51

Павлодар қаласы город Павлодар

**2024-2025 оқу жылында білім алушылардың
қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру
бойынша облыстық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі (Н. Азанбаева), білім беруді дамытудың инновациялық орталығы (Б. Аушахманова):

- қорытынды аттестаттау жөніндегі облыстық комиссия (1-қосымша) құрсын;

- 2024-2025 оқу жылында 11-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (2-қосымша) әзірлесін.

2. Аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары, мамандандырылған білім беру ұйымдарының директорлары осы бұйрықтың 1-қосымшасында көрсетілген пән мұғалімдерінің облыстық комиссия жұмысына қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Г. К. Башироваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы** **С. Айтқазина**

Бұйрықпен таныстырылды:

Г. Баширова
Н. Азанбаева
Б. Аушахманова

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі нақтылы мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

008007

2025 жылғы «24» 01
№2-02/51 бұйрыққа
2-қосымша

# 2024-2025 оқу жылында 11-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қорытынды аттестаттауды өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу | жыл бойы | Білім беру басқармасы, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы білім беру бөлімдері, орта білім беру ұйымдары |
| 2 | Қорытынды аттестаттауды өткізу, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | жыл бойы | Білім беру бөлімдері, орта білім беру ұйымдары |
| 3 | Үздік аттестат және жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатына үміткер түлектердің тізімін қалыптастыру | 2025 жылғы 1 ақпанға дейін | Білім беру басқармасы, білім беру бөлімдері, орта білім беру ұйымдары |
| 4 | Мектептер, білім беру бөлімдері мен басқарма жанындағы қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия құру | 2025 жылғы 1 ақпанға дейін | Білім беру басқармасы, білім беруді дамытудың инновациялық орталығы білім беру бөлімдері |
| 5 | 11-сынып түлектерінің білім сапасына, облыс мектептерінде қорытынды аттестаттауға дайындық жағдайына мониторинг жүргізу | 2025 жылғы ақпан-наурыз | Білім беру басқармасы білім беруді дамытудың инновациялық орталығы білім беру бөлімдері, қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттері |
| 6 | Таңдалған пәндер тізбесін көрсете отырып, қорытынды аттестаттауды тапсыратын 11-сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру және ҰТО-ға жіберу | 2025 жылғы 1 наурызға дейін | Білім беру басқармасы, білім беру бөлімдері, орта білім беру ұйымдары |
| 7 | Алдын ала қорытынды аттестаттауға арналған емтихан материалдарын әзірлеу және орта білім беру ұйымдарына жеткізу | 2025 жылғы 1 наурызға дейін | Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы, білім беру басқармасы |
| 8 | «Алтын белгі» жалпы орта білім туралы аттестат, үздік аттестат алуға үміткерлердің сәйкес келуін анықтау | 2025 жылғы наурыз | Білім беру басқармасы, білім беруді дамытудың инновациялық орталығы білім беру бөлімдері, қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Қорытынды аттестаттаудан босатылған 11-сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру | 2025 жылғы 28 мамырға дейін | Білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 10 | 11-сыныптың білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан босату туралы бұйрық шығару | қорытынды аттестаттау басталғанға дейін | Білім беру басқармасы |
| 11 | Емтихан материалдарын ҰТО-дан әкелу және облыс мектептеріне жеткізу жұмыстарын ұйымдастыру | 2024 жылғы мамыр -маусым (кестеге сәйкес) | Білім беру басқармасы, білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 12 | Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін мектептерде жағдай жасау (энергиямен жабдықтау, өртке қарсы қауіпсіздігін, медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету) | Қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде | Білім беру басқармасы, білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 13 | 11-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын өткізу | ҚР ОАМ бекіткен мерзімде | Білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 14 | Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын облыстық комиссия қарауына жіберу | жазбаша емтихан аяқталғаннан кейін | Білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 15 | Жұмыс қорытындысын шығару және «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын білім алушылардың тізімін бекіту туралы шешім қабылдау жөніндегі комиссияның қорытынды отырысын өткізу | 2025 жылғы 13 маусым | Мектеп жанындағы қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия |
| 16 | Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» иегерлерінің тізімін бекіту туралы бұйрық шығару және білім беру басқармасына ұсыну | 2025 жылғы 16 маусымға дейін | Білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 17 | Білім беру басқармасына білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп беру | 2025 жылғы 20 маусымға дейін | Білім беру бөлімдері, мамандандырылған мектеп директорлары |
| 18 | Оқу-ағарту министрлігіне қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды мәліметтерді ұсыну | 2025 жылғы 1 шілдеге дейін | Білім беру басқармасы |
| 19 | Мектептің педагогикалық кеңесінде қорытынды аттестаттау нәтижелерін талқылау | 2025 жылғы тамыз | Мектеп әкімшілігі |